

**Мәртөк ауданы Қазан ауылы «Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебі»
КММ 2022-2023 оқу жылына арналған 5 «Ә» сыныптың тәрбие жоспары
бойынша жылдық талдау есебі**

Патриоттық тәрбиенің алғашқы қадамы тамыз айында өткізілетін Конституция күнінің іс-шараларынан бастау алды. Әскери кабинет тақырыптық стенділермен жабдықтылып, материалдары толықтырылды. 2022-2023 оқу жылының дәстүрлі 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «1 қыркүйек –Білім күні», «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және отаншылдық атты тақырыбында білім сабағы өткізілді.

Қыркүйек айында өткізілетін тәрбие сағаттарым «Ахмет Байтұрсынұв 150 жыл» жылдығына орай тәрбие сағаты өткізілді. «Роза Бағланова 100 жыл» , « Тәуелсіздік тұғырым», «Дінмұхаммед Қонаев 110 жыл» тақырыптарда тәрбие сағаттары, шығармалар байқауы, жыр мүшәйрасы өткізілді. Қазақ, орыс, ағылшын тілдер бірлестіктері Қазан айында Ұлылықтың басында ұстаз тұрар! « Мемлекеттік рәміз –ұлттық мақтаныш» рәміздерге 30 жыл, «Қазақ халқының құнарлы ас мәзірі» тақырыбында апталық іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді Рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша қазан айында әлеуметтік статусы төмен отбасы балаларына арналған «Мектепке жол» қайырымдылық акция өткізіліп балаларға демеушілер көмектерін аямады, қазан айында «Ұстаз - ұлы тұлға» мерекелік кеш өткізілді, 18 қазан - Рухани келісім күні сынып сағаттары өткізілді. Қараша «Әдепті адам-әдемі адам», «Менің сүйікті кітабым», «Күн тәртібі», « Маған ұнайтын ойындар» кітапханашылар көрме ұйымдастырды. Оқушыларды ұлттық тәрбиелеу мақсатында желтоқсан айында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем- Қазақстан», «Ер есімі- ел есінде» атты сынып сағаттары өткізілді. Отбасылық тәрбиелеу мақсатында « Менің отбасым», «Отбасы құндылықтары, "Отбасым мақтанышым», «Ата ақылы» деген тақырыптарда «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, ата-аналардың мұғалімдермен жүздесіп, ашық сабақ өткізілді. Мектеп психологтары сұхбат жүргізді. Ақпан айында кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру мақсатында «Табиғат орта мен табиғи ресурстардың маңызы. Табиғи ресурстарының жіктелуі, «Адам табиғаттың досы», «Бұл қызықты!Мәртөбелі ауа райы!», Адам табиғаттың досы», «Саябақтар шеруі» мектеп ауласын, сынып кабинеттерін көгалдандыру жолға қойылды. Оқушылармен бірлескен сенбілік, мектеп ауласын тазалау жұмыстары ұйымдастырылып, «Таза көше», «Таза аула» акциялары аясында ауыл халқына үндеу жолданған жадынамалар таратылды. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көсбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамыту мақсатында наурыз айында «Жан-Ана», «Жыл басы –Әз, Наурыз!», «Шешендік өнер» Қазыбек бидің 355 жылдығы атты тәрбие сағаты өткізілді.

Сәуір айында жалпыұлттық мәдени- білім беру жобасын іске асыру мақсатында «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы!», «Мен және ғаламтор», «Достық көмекпен мықты!» тәрбие сағаты өткізілді. Ұлттық ойындарға байланысты сайыс сабақтары ұйымдастырылды.Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, денсаулықты сақтау мақсатында мамыр айында « Салауатты өмір мәні- ата- баба мұрасы», Жол таңбаларының белгіленуі», «Жол жүру белгілері және олардың қолданысы» туралы тренинг өткізілді.Денсаулықты сақтау дұрыс тамақтану туралы айтылды.

Сынып жетекшісі:  Жанатова А.А.